

8D07340 – «Құрылым материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған

Омаров Берик Аманкельдиевичтің

«Оңтүстік Қазақстан сазды жыныстары негізіндегі керамикалық төсемдерді өндіру технологиясын жасау және физика-механикалық, эксплуатациялық қасиеттерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

p/h №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</u> 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Оңтүстік Қазақстан сазды жыныстары негізіндегі керамикалық төсемдерді өндіру технологиясын жасау және физика-механикалық, эксплуатациялық қасиеттерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс (М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, №43-ЖООК 25.12.2020 жылы бекітілген) Туркістан облысының сапасы төмен жеке сазды жыныстары мен пісіу және кристалдану көздірғыштарын және өндіріс қалдықтарын пайдалану негізінде техника-экономикалық және экологиялық тиімділігі жоғары, физика-механикалық және эксплуатациялық қасиеттері жетілдірілген керамикалық төсемдердің дірілді престеу әдісімен өндіру технологиясын әзірлеуге бағытталған. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ҚР ғылымды дамытудың «Экология, қоршаған орта және табиги ресурстарды тиімді пайдалану саласындағы іргелі және колданбалы зерттеулер», жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар және конструкциялар басым бағытына сәйкес келеді. Диссертация М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің бюджеттік ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, шифры ГБ НИР-21-02-06 - «Түркістан облысы шикізаттық материалдары негізіндегі құрылымдар материалдары, бұйымдары мен конструкцияларының эксплуатациялық тиімділігін арттыру» тақырыптарымен байланысты орындалған. Жалпы алғанда диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен білім беруді және ғылымды дамыту бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/коспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Жұмыс керамикалық бұйымдарды кептіру және күйдіру бағытындағы теориялық мәселелерді дамытуға елеулі үлес косады. Автор нақты колданбалы нәтижелерге қол жеткізген, атап айтқанда керамикалық массалардың жаңа құрамдарын және дірілді престеу тәсілімен керамикалық төсемдер

		<p>өндіруге арналған ұтымды технологиялық шешімдер әзірлеген, композициялық керамикалық араласпалардағы 1000°C дейінгі температура аралығындағы физика-механикалық қасиеттер мен фазалық минерал түзілу үрдістерінің өзгеруінің негізгі зандылықтарын анықтаған. Диссертациялық жұмыс М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Кұрылым материалдары және құрылыштағы сараптама» кафедрасында орындалып, Алынған нәтижелер «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасында зерттеліп, алынған нәтижелердің дәлдігімен және эксперименттік зерттеулердің өндірістік сынак нәтижелерімен сәйкестігімен дәлелденген.</p> <p>Зерттеулерде саздак-бентонит сазы жүйесіндегі керамикалық компазициялардың кебу және күйдіру үрдісі кезіндегі жүретін процестерге түрлі өндіріс қалдықтары мен пісу және кристалдану қоздырғыштарының әсері зерттеліп, кептіру мен күйдірудің оңтайлы режимдері және керамикалық компазицияның оңтайлы құрамы таңдалған. Зерттеу нәтижелерін автор Scopus базасында индексацияланатын шет елдік ғылыми басаламдардағы 2 макаласында, ҚР БФМ білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің бұйрығымен бекітілген ғылыми журналдарда 3 мақала және халықаралық конференцияларда жариялаган.</p>	
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаган 	<p>Диссертацияда алынған нәтижелер, ғылыми тұжырымдар мен корытындылар докторанттың өз зерттеулерінің нәтижесі болып табылады. Жұмыстың максатына қол жеткізу үшін қойылған міндеттерді автор өз бетінше шешкен, ғылыми дереккөздермен, құрылым материалдарын физика-механикалық зерттеудің стандартты әдістерімен жұмыс жасай алатынын, алынған нәтижелерді талдап, корытынды жасай алатынын көрсеткен. Әрбір корытынды физика-механикалық және физика-химиялық зерттеулердің нәтижелерімен негізделген. Корытынды жүйелі тұжырымдалған және жұмыстың міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертацияда келтірілген тұжырымдар мен корытындылардың негізделуі мен шынайылық дәрежесі күмән тұдырмайды. Алынған нәтижелер ICP-MS Agilent 7500cx маркалы индуктивті байланыскан плазмамен масс-спектрометрия, X'Pert PRO MPD маркалы рентгенді дифрактометрия, дефференциалды термиялық және термогравиметриялық талдамалар NETZSCH (Германия) фирмасының STA 409 PC Luxx дериватографы, JSM - 6390lv</p>

			маркалы растрлык электронды микроскопия (РЭМ), гранулометриялык құрам ДСТУ Б В.2.1-19:2009 (МЕСТ 12536) сәйкес ареометриялық зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. Жұмыстың ғылыми жаңалығын мен практикалық құндылығы күмән тудырмайды. Жұмысты талдау доктаранттың теориялық білімі мен экспериментті үйімдастыру дағылары бар екенін көрсетеді.
4.	Iшкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>4.1 Диссертациялық жұмыста автор Қазақстанның онтүстік аймақтарындағы сазды жыныстар, түйіршіктелегендегі домна кожы, пісу мен кристалданудың көздөрғыштары негізіндегі керамикалық композицияларды зерттеген. Қазіргі уақытта керамикалық құрылымдар материалдарын өндіруде жоғары сапалы саз сазды жыныстардың тапшылығы байқалады. Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында жоғары сапалы сазды жыныстардың шектеулі болуына байланысты оларды өндіру үшін физикалық-механикалық қасиеттері жоғары және көптеген қажетсіз қоспалары бар лесс тәрізді саздар пайдаланылада. Бұл өзекті мәселені шешудің басқа, тиімді жолдарын іздестіру, яғни керамикалық бұйымдардың ішкі, біртұтас құрылымның калыптасуына ықпал ететін шикізаттың жаңа көздерін және құйдіру температурасы төмендеген кезде араласпа компоненттерінің арасындағы өзара әрекеттесу белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін шешімдерді табу қажеттігі туындаиды. Саздардың химиялық құрамының тұрақсыздығынан, жоғары құйдіру температурасында да минерал түзілу және құрылым түзілу процестері аяқталмайды. Бұл өнім сапасының төмендеуіне алып келеді. Сондыктan сапасы төмен сазды шикізат пен өндіріс қалдықтары негізіндегі керамикалық композициялармен керамикалық төсемдердің онтайлы құрамын таңдау, түрлі қоспалардың керамикалық бұйымдардың құйдіру температурасына әсері мен пісу заңдылықтарын зерттеу және керамикалық төсемдерді өндірудің тиімді технологиясын әзірлеу бағыттындағы зерттеулер бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Автор диссертациялық зерттеудің мазмұнын көрсете отырып, өз шешімдерін ұсынып, негіздейген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындаиды; 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды 	<p>4.2 Диссертациялық жұмыс кіріспеден, бес бөлімнен, корытындыдан және косымшаларда тұрады. Бірінші бөлімде керамикалық материалдар өндірісін қазіргі жағдайы талданған. Шет елдік және отандық ғалымдардың жұмыстарын талдау арқылы автор</p>

		<p>керамикалық төсемдер бетонды төсемдермен салыстырғанда беттік температураның төмен болуы есебінен қала аймактарындағы жылудың төмендеуіне ықпал ететіндігін және дірілді престеу технологиясының салыстырмалы түрде төмен күрделі шығындарсыз кең номенклатурадагы өнімдерді өндіруге мүмкіндік беретінін анықтаған.</p> <p>Екінші бөлімде шикізаттар туралы мәлімет, зерттеулерде колданылатын сазды жыныстар мен өндірістік қалдықтардың сипаттамалары берілген. Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне кол жеткізуге мүмкіндік беретін стандартты физика-механикалық және физика-химиялық зерттеу әдістері сипатталып көрсетілген. Шикізаттық материалдарды физика-химиялық талдау нәтижелері көрсетілген. Зерттелген сазды жыныстардың саз бөлігінде каолинит компоненті басым екені, бұл материалдарды кептіру кезінде шөгінді ылғалды кетіру нәтижесінде туындастының ішкі кернеулерге төтеп беруге мүмкіндік беретіні көрсетілген.</p> <p>Ушінші бөлімде дірілді перстеу тәсілімен керамикалық төсемдерді өндіруге арналған түрлі құрамдағы керамикалық композициялардың күйдіруге дейінгі қасиеттерін, физика-механикалық қасиеттерін, күйдіру температурасының үлгілердің физика-механикалық қасиеттеріне әсерін, керамикалық массалардың пісу және кристалдану үрдістерін көздыруды қамтамасыз ететін тиімді коспалар негізінде шикізаттық араласпаларды зерттеу нәтижелері көрсетілген.</p> <p>Құрамдарда бентонитті саздың үлесінің арттыру, керамикалық массаның қалыптау ылғалдылығы артуына ықпал ететіні және ол бентонитті саздың су қажеттілігінің жоғары болуына байланысты екендігі анықталған.</p> <p>Дірілді престеу тәсілімен керамикалық төсемдерді алу үшін құрамында 15% дейін бентонит косылған саздақ негізінде керамикалық массаларды колдану, алынған үлгілердің керамикалық төсемдерді алу үшін қажетті физика-механикалық қасиеттерге ие қол жеткізуге мүмкіндік беретіні көрсетілген.</p> <p>Бентониттің жоғары иленгіштіктігі және байланыстыруышылық қасиеттерінің арқасында қалыптау сатысында саздақ негізінде керамикалық масса жаңа қасиеттерге ие болатыны және үлгілердің орташа тығыздығы және кам күйдегі беріктігі жоғарлайтыны анықталған.</p> <p>Түйіршіктелген домна қожы коспасының мөлшерін 35%-ға дейін арттыру керамикалық массаны сезімталдығы төмен коспалар санатына ауыстыратындығы, бұл</p>
--	--	---

		<p>калыпталған үлгілерді жарықтарсыз жеделдетілген қарқынмен кептіруге мүмкіндік беретіні дәлелденген.</p> <p>Тұйіршіктелген кож мөлшерін 35%-ке дейін арттыру 1000°C құйдіру температурасында минералды құрамды қождармен салыстырғанда үлгілердің беріктігін шамамен 1,5 есеге артатындығы анықталған.</p> <p>950-1000°C құйдіру температурасы аралығындағы араласпаның пісу мен кристалдану коздыргыштарының мөлшеріне байланысты керамикалық төсем үлгілерінің физика-механикалық қасиеттерінің өзгеру зандылықтары көрсетілген.</p> <p>Керамикалық композицияға тальк ұнтағын енгізу авгит пен амфиболдың жоғары температуралық фазаларының пайда болуына және сазда минерал түзілу үрдістерінің жоғарылауына ықпал етіп, үлгілерге жоғары физика-механикалық қасиеттерді қамтамасыз ететін жоғары температуралы фазалар санидин, акерманит және авгиттің түзілуіне ықпал ететіні анықталған.</p> <p>Төртінші бөлімде Керамикалық композицияларды дайындау кезеңінде тиімді технологиялық параметрлері таңдалып, ұсынылған керамикалық композициялар негізінде керамикалық төсемдерді өндірудің технологиясы жасалған.</p> <p>Дірілді престеу ұзактығы 12 секунд, бентонитті саздың араласпадағы мөлшері 5,0-15% аралығында кептіруге сезімталдық коэффициентінің шамалары 1,43-тен 1,52 аралығында болатыны анықталған.</p> <p>Оңтайлы құйдіру температурасы мен ұсташа ұзактығы дайын бұйымның физика-механикалық қасиеттерінің кажетті көрсеткіштерін қамтамасыз ететін бұйымдардың пісу біртектілігі мен кристалды және шыны фазаларының арақатынасы бойынша анықталып, бұйымның біртекті пісуіне құйдірудің максималды температурасы 1100°C, ұстап тұру ұзактығы 1,0 сағат кезінде қол жеткізілгені, бұйымның салқыннатудың оңтайлы режимі сағатына 110°C екені және құйдірудің жалпы ұзактығы 23 сағаттың күрайтыны көрсетілген.</p> <p>Бесінші бөлімде дірілді перстеу тәсілімен керамикалық төсемдерді өндірудің техника-экономикалық тиімділігі көрсетілген.</p> <p>Автор керамикалық құрылым материалдарын өндіру бағытындағы қолданбалы міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ғылыми негізделген технологиялық әзірлемелер жасалған.</p> <p>Диссертацияның мазмұны диссертация мақсатына сәйкес келді және зерттелетін</p>
--	--	---

		мәселенің мазмұнын толық айқындауды.
	4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	4.3 Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері жұмыстың тақырыбына толық сәйкес келеді. Жұмыстың мақсаты Оңтүстік Қазақстан сазды жыныстары және өндіріс қалдықтары негізінде дірілді-престеу тәсілімен керамикалық төсемдерді өндіруге қажетті шикізаттық композициялар құрамын оңтайландыру және күйдірудің тиімді режимдерін тандау болып табылады. Мақсатқа кол шетізу үшін койылған міндеттер толық шешлілген. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертацияда нақты тұжырымдалған, сонымен бірге диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді, койылған міндеттерге сәйкес диссертациялық жұмыстың тиісті бөлімдері анықталған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	4.4 Жұмыс казак тілінде орындалған, түсінікті колданыстағы техникалық терминдерді колдану арқылы, жүйелі түрде жазылған. Диссертацияның негізгі бөлімдері мен алынған нәтижелер, қорытындылар логикалық түрде өзара байланысқан. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, бес тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшадан тұрады.
	4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	4.5 Изденуші терең әдеби талдау жасау және түрлі жол жабындарының экологиялық аспектілерін зерттеу арқылы, олардың коршаған ортаның температурасына әсерін бағалаған. Керамикалық төсемдер бетонды төсемдермен салыстырғанда беттік температуралың төмен болуы есебінен қала аймактарындағы жылудың төмендеуіне ықпал ететіндігін анықтаған. Құрамына 15% дейін бентонит қосылған саздақ негізіндегі керамикалық массалардың орташа тығыздығының өзгеруі дірілді престеудің ұзақтығына ғана емес, сонымен қатар, бентонит сазының құрамына да байланысты екендігі дәлелденіп, дірілді престеу ұзақтығының артуы төсемдердің бастапқы беріктігінің айтарлықтай өсуіне ықпал ету арқылы, соңғы өнімнің жоғары беріктік көрсеткіштерінің кепілі бола алатыны, үлгілердің қам күйдегі ең жоғары беріктігі бенттонитті саздың үлесі 10-15%, дірілді престеудің ұзақтығы 9-12 секундты құрайтын үлгілерде байқалатыны анықталған. Арапаспаға түйіршітелегі домна шлагын косу 1000°C күйдіру температурасында керамикалық төсем үлгілерінің физика-механикалық қасиеттерінің өзгеруіне әсер етуіні анықталып, кожыдың үлесін 35%-ға дейін арттыру керамикалық массаны сезімталдығы төмен арапаспалар санатына

		<p>ауыстыратыны дәлелденген.</p> <p>Пісү және кристалдану қоздырғыштарының құрамында балқу температурасы 720-750 °C аралығындағы жұқа дисперсті шыны ұнтағының (фракциясы 0,1 мм-ден аз) болуы, керамикалық масса құрамындағы сұйық фазаның ерте пайда болуына ықпал ететіні және араласпадағы пісү және кристалдану қоздырғыштардың үлесін 15% арттыру керамикалық массаны сезімталдығы төмен араласпалар санатына ауыстырады, бұл калыпталған үлгілерді кептіруді жарыктарсыз жеделдетілген қаркынмен кептіруге мүмкіндік беретіні дәлелденген.</p> <p>Алынған нәтижелер колданыстағы теориялық мәселелерге қайши келмейді және автордың жеке ізденісінің нәтижесі және диссертацияның міндетіне толық сәйкес келеді.</p>	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.1 Докторант теориялық және эксперименттік зерттеулер нәтижесінде түрлі құрамдағы керамикалық үлгілердің орташа тығыздығының өзгеруі дірілді престеудің ұзақтығына ғана емес, сонымен қатар, шикізаттық материалдардың құрамына да тәуелді екендігін, түйіршікті домна қожы қоспасының үлесін 35%-ға дейін арттыру керамикалық массаны кептіруді жарыктарсыз жеделдетілген қаркынмен жүргізуге мүмкіндік беретін сезімталдығы төмен араласпалар санатына ауыстыратынын, 1000°C температурада күйдірілген үлгілерде волластониттің (CaSiO_3) төмен температуралы түрімен кристалданған кеуекті қож түйіршіктері байқалатынын, керамикалық массаның құрамындағы волластонит армируеші компоненттің рөлін атқарып, алынған үлгілердің механикалық қасиеттерін арттыратынын және пісү және кристалдану қоздырғыштарының құрамында жұқа дисперсті шыны ұнтағының болуы керамикалық масса құрамындағы сұйық фазаның ерте пайда болуына ықпал ететіні және шыны ұнтағының жұмсару температурасын 720-750°C дейін төмендетуге мүмкіндік беретінін дәлелдеген.</p> <p>Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері 8 жарияланымда, оның ішінде Scopus базасында индекстелетін шет елдік ғылыми басылымдарда жарық көрген 2 мақаламен расталған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p>	<p>5.2 Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен корытындылары жаңа болып табылады.</p> <p><i>Бірінші нәтижесе жаңа – түрлі құрамдағы</i></p>

	<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>қалыптанған керамикалық үлгілердің орташа тығыздығының өзгеруі дірілді престеудің ұзактығына ғана емес, сонымен қатар, шикізаттық материалдардың құрамына да тәуелді екендігі дәлелденген. Дірілді престеу ұзактығының артуы төсемдердің бастапқы беріктігінің айтарлықтай өсуіне ықпал ету арқылы, соның өнімнің жоғары беріктік көрсеткіштерінің кепілі болады. Саздақ-бентонит сазы жүйесіндегі композициялар үшін бентониттің үлесі 10-15%, дірілді престеудің ұзактығы 9-12 секундты құрайтын үлгілер ең жоғары беріктік көрстекіштерге ие болатындығы дәлелдеген;</p> <p><i>Екінші нәтижесе жаңа – керамикалық композиция құрамындағы түйіршікті домна кожы қоспасының үлесін 35%-ға дейін арттыру саздақ-бентонит-кожа жүйесіндегі керамикалық массаны кептіруді жарықтарсыз жеделдетілген қарқынмен жүргізуге мүмкіндік беретін сезімталдығы төмен араласпалар санатына ауыстыратыны дәлелдеген. Күйдіру температурасы 1000°C кезінде түйіршіктелген кождың араласпадағы үлесін 35%-ке дейін жоғарлатқанда үлгілердің беріктігі құрамдағы кождың минималды үлесімен салыстырғанда 1,5 есе артатынын анықтаған.</i></p> <p><i>Үшінші нәтижесе жаңа – керамикалық композициялардың құрамындағы пісіу және кристалдану қоздырыштарының құрамында жұқа дисперсті шыны ұнтағының болуы керамикалық масса құрамындағы сұйық фазаның ерте пайда болуына ықпал ететіні және шыны ұнтағының жұмысару температурасын 720-750°C дейін төмөндөтүге мүмкіндік беретіні дәлелдеген.</i></p> <p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа, қойылған міндеттерге толық сәйкес келеді. Қорғауға шығарылған тұжырымдарды басқада сазды жыныстар негізінде кермикалық бұйымдарды өндіру кезінде колдануға болады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.3 Қойылған максат және міндеттерге кол жеткізу үшін қолданылған техникалық, технологиялық шешімдер жаңа, себебі сазды жыныстар мен өндіріс қалдықтары негізінде кермикалық композициялардың құрамы оңтайланырылған, кептіру мен күйдірудің тиімді технологиялық режимдерді таңдалған және керамикалық төсемдерді өндірудін дірілді перстеу тәсілі әзірленген және өндіріске ендірілген.</p> <p>Алынған зерттеу нәтижелеріне сәйкес композициялардың оңтайлы құрамы керамикалық үлгілердің күйдіруге дейінгі, қалыптау, кептіру және күйдіру</p>

		<p>қасиеттерінің жоғары көрсеткіштеріне сүйене отырып таңдалған. Мұндай критерийлерге керамикалық массалардың, үлесі %: саздақ 85,0-90,0, бентонит 10,0-15,0 құрамы сәйкес келетіні дәлелденген . Керамикалық массаларды құйдіру зерханалық жағдайда жылутасығыштың бастапқы температурасы 50°C және температураны 200°C дейін сағатына 50°C температураны көтеру жылдамдығымен 4 сағат кептірген. Үлгілерді 800°C-қа дейін құйдіру, температураны жоғарлату жылдамдығы сағатына 120°C құрайтындај және әрі қарай 1100°C температураға дейін бұйымдарды одан әрі құйдіру кезінде массаларда негізгі фазалық өзгерістер, пісү үрдістері, кристалдану, полиморфты түрлендірүлөр осы аралықта жүрген кезде өнімдерде көлемдік өзгерістер тудыратын болғандықтан температураны сағатына 100°C жылдамдықпен көтеру режимі таңдалған.</p> <p>Оңтайлы құйдіру температурасы мен ұстая ұзактығы дайын бұйымның физика-механикалық қасиеттерінің қажетті көрсеткіштерін қамтамасыз ететін бұйымдардың пісү біртектілігі мен кристалды және шыны фазаларының аракатынаса бойынша анықталған.</p> <p>Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыста ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер жаңа, негізделген және толық аяқталған, жоғары ғылыми және қасиби дәнгейде жүргізілген зерттеулер негізінде алынған.</p> <p>Диссертацияда тұжырымдалған шешімдер мен олардың негізінде келтірілген тұжырымдар сенімді және негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> <p>Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдамалар, нәтижелер мен қорытындылар колданыстағы теориялық мәселелерге қайшы келмейді. Диссертациялық жұмыс сазды шикізат пен өндіріс қалдықтары және пісү мен кристалданудың коздырыштары негізінде көрсеткіштерінде керамикалық композицияның оңтайлы құрамы мен керамикалық тәсемдердің өндірудің тиімді технологиялық рижимдерін тандауға және керамикалық тәсемдердің өндірудің дірілді престеу тәсілін әзірлеуге бағытталған. Өндіріс қалдықтарын пайдалану біріншіден, спасы тәмен сазды шикізатты қолдану мүмкіншілігін, екіншіден өндіріс қалдықтарын залалсыздандыру, экологиялық ахуалды жақсарту, үшіншіден бұйымның өзіндік құнын төмендету, төртіншіден керамикалық массаның кептіру және құйдіру режимдерін оңтайлау арқылы энергетикалық шығындарды төмендету</p>

			<p>мүмкіндігін береді. Керамикалық төсемдерді өндірудің ұсынылған дірілді престеу тәсілі «BOKEI» ЖШС кірпіш зауытында өндіріске ендірілген. Ұсынылған технология колданыстағы технологиялық жабдықтардың қарапайымдылығымен, шикізаттың қол жетімділігімен және жоғары ұтымдылығымен ерекшеленеді, бұл оларды жеке қалыптау цехын ұйымдастыра отырып, колданыстағы кірпіш зауыттары негізінде енгізуге мүмкіндік береді. Бетоннның орнына керамикалық төсемдерді пайдалану бетонның ең кымбат компоненті цементтің жалпы ауқымды ұнемделуіне ықпал етеді.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) <u>жоқ</u> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 	<p>7.1 Қорғауға ізденуші төмендегі қағидаттарды шығарған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - саздақ-бентонит сазы жүйесіндегі шикізат құрамының күйдіруге дейінгі физика-механикалық қасиеттерін, шикізат композициялары үлгілерінің физика-механикалық қасиеттерінің өзгеруіне күйдіру температурасының әсерін зерттеу нәтижелері; - керамикалық төсемдерді өндіру үшін керамикалық массаның пісу және кристалдану үрдістерін қоздыруды қамтамасыз ететін тиімді қоспалар құрамын таңдау және теориялық негіздеу нәтижелері; - дірілді престеу әдісімен керамикалық төсемдерді өндіруге арналған керамикалық композициялардың оңтайлы құрамдарын таңдау нәтижелері; - керамикалық композицияларды дірілді престеу тәсілімен өндірудің оңтайлы технологиялық параметрлерді және қалыптанған кам күйдегі керамикалық төсемдердің физика-механикалық қасиеттерін зерттеу нәтижелері; - керамикалық бұйымды кептіру және күйдірудің оңтайлы режимдері мен-дайындалған керамикалық композиция құрамдары негізінде дірілді престеу технологияларын өндірістік-тәжірибелік сынақ нәтижелері. <p>Қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттар зертханалық жағдайдағы эксперименттік зерттеулермен, өндірістік сынақтармен толық дәлелденген және физика-химиялық зерттеу нәтижелерімен расталған.</p> <p>7.2 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес, өйткені олар ғылыми жаналығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Ғылыми зерттеу жұмысы барысында алынған зандаудықтар мен жаңа мәліметтер соңғы ғылыми жетістіктерді талдай отырып түжірымдалған.</p>

			<p>7.3 Түркістан облысы сазды жыныстары, түйіршіктелген домна кожы және пісу мен кристалданудың қоздырығыштары негізінде керамикалық тәсемдерді өндірудің дірілді перстеу тәсілі жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қорғауға ұсынылатын қағидаттардың колдану деңгейі кең, өйткені деректердің сазды жыныстар негізінде керамикалық тәсемдерді өндіруде кең түрде пайдалануға болады. Керамикалық массаны кептіру, күйдіру және пісу-кристалдану кезінде жүретін процестерді талдау нәтижесінде жасалған тұжырымдарды керамикалық бұйымдар өндірісі үшін кең түрде колдануға болады.</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері 8 ғылыми еңбекте, оның ішінде, халықаралық Scopus деректер базасына енетін ғылыми басылымдарда 2 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізіміне енетін басылымдарда 3 макала, халықаралық конференцияларда 3 мақала жарияланып дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама накты жазылған</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>8.1 Диссертациялық жұмыста керамикалық шикізат пен керамикалық композицияларды зерттеудің заманауи, стандартты әдістерің қолданылған. Физика-химиялық зерттеулер инженерлік бейіні бойынша «Құрылымдық және биохимиялық материалдар» аймақтық сынақ зертханасында, ал физика-механикалық зерттеулер «Құрылымдық материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын сынау» зертханасында жүргізілген. Диссертациялық жұмыстың әдістемесі кеңінен танымал және дәлелденген ғылыми тәсілдерге негізделген, сонымен бірге белгілі отандық және шетелдік аналогтармен салыстыру арқылы алынған нәтижелер талданған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологиялардың колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>8.2 Осы диссертациялық жұмысты орындау кезінде келесі заманауи, стандартты компьютерлік технологиялардың колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сазды материалдар мен өндіріс қалдықтарының үлгілеріне химиялық және физика-химиялық, гранулометриялық талдау; - ICP-MS Agilent 7500cx маркалы индуктивті байланыскан плазмамен массспектрометрия әдісі; - X'Pert PRO MPD маркалы рентгенді дифрактометрия әдісі; - NETZSCH (Германия) фирмасының STA 409 PC Luxx дериватографында дефференциалды термиялық және термогравиметриялық талдамалар;

			<p>- JSM - 6390lv маркалы растрлық электронды микроскопия (РЭМ);</p> <p>- гранулометриялық құрам ДСТУ Б В.2.1-19:2009 (МЕСТ 12536) сәйкес ареометриялық зерттеуәдісі.</p> <p>Алынған нәтижелер тәжірибелі өнеркәсіптік сынақтарда дәлелденген.</p>
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иа;</u> 2) жок	<p>8.3 Теориялық тұжырымдар эксперименттік зерттеулер мен өндірістік сынақтармен расталған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сазды материалдар мен өндіріс қалдықтары үлгілерінің құрамы физика-химиялық зерттеулермен; - керамикалық композициялардың күйдіруге дейінгі негізгі касиеттері физика-механикалық зерттеулермен; - түрлі құрамдағы керамикалық композициялардың құрамы физика-химиялық зерттеулермен; - керамикалық массаларды кептіру және күйдіру режимдері зертханалық және өндірістік сынақ нәтижелерімен расталған. Сынақ нәтижелері Актілермен расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	<p>8.4 Маңызды тұжырымдар тиісті және сенімді әдебиеттерге сілтемелер арқылы дәлелденген, бұл диссертацияның бірінші және екінші бөлімдерде әдеби щолуда көрсетілген. Алынған нәтижелер ғылыми метрикалық жүйелерде индекстелетін халықаралық ғылыми базасылымдарда жарияланған белгілі мәліметтермен салыстырмалы талданған. Сілтемелер отандық және шетелдік, жоғары индексті рейтингті Web of Science және Scopus базаларындағы әдебиеттерге де бар.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	<p>8.5 Диссертацияның бірінші және үшінші тарауларында зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми сапалы әдеби шолу жасалған. Диссертацияда пайдаланылған 146 дереккөз, зерттеу тақырыбының терең ғылыми талдаудан өткенін растайды. Олар негізінен алыс және жақын шет елдік ғалымдары базасылымдарда, КР ФЖБМ БФСБК ұсынған отандық рейтингтік журналдарда және Web of Science және Scopus деректер базасына кіретін шетелдік ғылыми журналдарда және халықаралық конференцияда жарияланған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иа;</u> 2) жок	9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар, зерттеулер нәтижесінде жасалған теориялық тұжырымдар керамикалық материалдарды кептіру және күйдірудің және пісу мен кристалдану процестерінің теориялық негізін жетілдіруге мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иа;</u> 2) жок	9.2 Дірілді престеу тәсілін қолданып керамикалық төсемдерді өндірудің ұсынылған технологиясын енгізу қолданыстағы кірпіш зауыттарының базасында косымша күрделі салым жұмсамай сазды жыныстар мен өндіріс

			<p>калдықтары негізінде негізгі сипаттамалары жетілдірілген және эксплуатациялық қасиеттері жоғары төсемдер өндірісін ұйымдастыру мүмкіндігін береді. Ұсынылып отырған технология қолданыстағы технологиялық жабдықтың қарапайымдылығымен, шикізаттың болуымен және жоғары ұтымдылығымен ерекшеленеді, бұл оны жеке қалыптау цехын ұйымдастыру арқылы жұмыс істеп тұрған кірпіш зауыттарының базасында жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда күйдіруді пештерде керамикалық кірпішпен бірге жасауға болады. Нәтижесінде жұмыс істеп тұрған кірпіш зауыты құрылыш нарығында жоғары сұранысқа ие екі өнімді катар шығара алады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа.</p> <p>Ұсынылған технология керамикалық массаны бірінші ұнтақтауға беру, алғашкы ұнтақтаудан алдын шикізаттық материалдарды тас ажыратқыш білікшелерден өткізу, саздакты білікшелер арасы 1,0 мм-лік сандалаулы білікшелі діріменде, ал бентонитті сазды 20-30 мм-лік ұсақты тісті діріменде ұнтақтау, ұнтақталған саздақ пен бентонитті сазды келесі операцияларға беру жүйесімен жабдықталынған қабылдағыш бункерге беру, қабылдау бункерлерінен шикізаттық материалдарды таразылы дозаторлар көмегімен мөлшерлеп және ленталы конвейерлер көмегімен қосбілікті араластырғыштарға беру, қосбілікті араластырғышка саздармен қоса суда беру, керамикалық массаны судың қысымымен қарқынды түрде араластыру, қосбілікті араластырғыштан ылғалдандырылған қам араласпа екенші араластыру үшін жүгіртпелі араластырғышка беру және қам араласпаны гомогенді күйге жеткенше араластыру, жүгіртпелі араластырғыштан соң керамикалық массаны транспартердың көмегімен дірілді престеуге беру, қалыптанған қам төсемдерді күйдіру вагонеткаларына автоматты қойғыш арқылы тиіп, рельсті жолдармен алдын-ала кептірусіз күйдіру операцияларынан тұрады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертацияны жазудың академиялық сапасы жоғары деңгейде. Жұмыс диссертацияны рәсімдеу ережелеріне сәйкес рәсімделіп, негізгі мәтін, тұжырымдар мен корытындылар жүйелі түрде жазылған. Жұмыстың мазмұны мен сапасы PhD диссертацияларға қойылатын «Ғылыми дәрежені беру ережелері» талаптарына толық сәйкес келеді.</p>

Омаров Берик Аманкельдиевичтің «Онтүстік Қазақстан сазды жыныстары негізіндеғі керамикалық төсемдерді өндіру технологиясын жасау және физика-механикалық, эксплуатациялық қасиеттерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талаптарға сай орындалған толық ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және дәйектілігі күмән тудырмайтын жаңа нәтижелерді қамтиды. Б.А. Омаров 8D07340 – «Құрылым материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне лайық деп ұсынылады.

Ресми рецензент:

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті»,
техника ғылымдарының докторы,
профессор

Жугинисов М.Т.

